

"Жамбыл ауданы бойынша аз қамтылған отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Қағидаларын бекіту туралы" Жамбыл аудандық мәслихатының 2013 жылғы 11 желтоқсандағы № 27-4 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы Жамбыл ауданы мәслихатының 2014 жылғы 4 ақпандағы № 29-3 шешімі. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 27 ақпанда № 2118 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Жамбыл аудандық мәслихатының 2019 жылғы 8 мамырдағы № 42-3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы Жамбыл аудандық мәслихатының 2019 жылғы 8 мамырдағы № 42-3 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 97 бабының 2 тармағына сәйкес Жамбыл аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "Жамбыл ауданы бойынша аз қамтылған отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Қағидаларын бекіту туралы" Жамбыл аудандық мәслихатының 2013 жылғы 11 желтоқсандағы № 27-4 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2079 болып тіркелген, 2013 жылғы 30 желтоқсандағы № 123-124 "Шұғыла-Радуга" газетінде жарияланған) төмендегідей өзгеріс енгізілсін:

осы шешіммен бекітілген, Жамбыл ауданы бойынша аз қамтылған отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Қағидасының 3-тармағының 4) тармақшасы және 4-тармағы алынып тасталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың әкімшілік-аумақтық құрылыс, жер, халықтың денсаулығын сақтау және қоршаған ортаны қорғау, халықтың аз қамтамасыз етілген бөлігін, мүгедектерді, ана мен баланы қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жамбыл аудандық мәслихаты
сессиясының төрағасы:
Б. Ералиев

Жамбыл аудандық
мәслихаты хатшысы:
Р. Бегалиев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК